

Негізгі құралдардың, балық ресурстарын және басқа да су жануарларын аулау мен өңдеу бойынша технологиялық жабдықтардың және өзге де материалдық-техникалық құралдардың, сондай-ақ ағымды мелиорацияны жүргізу және жас шабақтарды құтқару үшін техникалық құралдардың болуы туралы анықтаманың, балық шаруашылығы мелиорациялық жұмыстарын жүргізу үшін негізгі құралдардың болуы туралы анықтаманың нысандарын бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2010 жылғы 6 қыркүйектегі N 574 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2010 жылғы 9 қыркүйекте Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 6471 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрінің м.а. 2013 жылғы 20 тамыздағы № 250-ө бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің м.а. 20.08.2013 № 250-ө бұйрығымен (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 4 ақпандағы № 102 қаулысымен бекітілген Балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін бекітіп беру бойынша конкурс өткізу ережесін және конкурсқа қатысушыларға қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы, **БҰЙЫРАМЫН:**

1 . К е л е с і :

1) осы бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес негізгі құралдар, балық ресурстарын және басқа да су жануарларын аулау мен өңдеу бойынша технологиялық жабдықтардың және өзге де материалдық-техникалық құралдардың, сондай-ақ ағымды мелиорацияны жүргізу және шабақтарды құтқару үшін техникалық құралдардың болуы туралы анықтама;

2) осы бұйрықтың 2-қосымшасына сәйкес балық шаруашылығы мелиорациялық жұмыстарын жүргізу үшін негізгі құралдардың болуы туралы анықтама нысандары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Табиғат ресурстарын пайдалану стратегиясы департаменті осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өтуді қамтамасыз

е т с і н .

3. Осы бұйрық алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Министр м.а.

Е. Аман

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ауыл шаруашылығы министрінің м.а.

2010 жылғы 6 қыркүйектегі № 574

бұйрығына 1-қосымша

Нысан

**Негізгі құралдардың, балық ресурстарын және басқа да су жануарларын аулау мен өңдеу бойынша технологиялық жабдықтардың және өзге де материалдық-техникалық құралдардың, сондай-ақ ағымды мелиорацияны жүргізу және жас шабақтарды құтқару үшін техникалық құралдардың болуы туралы анықтама**

| №  | Атауы                                                                                | Өлшем бірлігі | Саны |
|----|--------------------------------------------------------------------------------------|---------------|------|
| 1  | 2                                                                                    | 3             | 4    |
| 1. | Балық аулау өнімін мұздату, салқындату және сақтауға арналған ыдыстар                | тонна         |      |
| 2. | Балық пен басқа да су жануарларын терең (түпкілікті) өңдеуге арналған цехтар         | тонна/тәулік  |      |
| 3. | Балық аулайтын флот, оның ішінде:                                                    |               |      |
| 4. | 1) өздігінен жүретін (стационарлық қозғалтқышы бар), 40 ат күші бар және одан жоғары | бірлік        |      |
|    | 2 шағын көлемді, оның ішінде өздігінен жүрмейтін, аспалы қозғалтқышы бар             | бірлік        |      |
|    | Аулау құралдар, оның ішінде:                                                         |               |      |
|    | 1) сүзекі                                                                            | дана          |      |
|    | 2) құрма ау, қабада                                                                  | дана          |      |
| 5. | Көліктік флот                                                                        | бірлік/тонна  |      |
| 6. | Баска (көрсету)                                                                      |               |      |

Конкурстық құжаттамамен таныстым.

Осы анықтамадағы көрсетілген мәліметтердің дұрыстығын растаймын.

Толтырылған күні \_\_\_\_\_

Өтініш беруші \_\_\_\_\_

(Т.А.Ә. немесе ұйымның атауы)

М

Ө

(Болған жағдайда) қолы \_\_\_\_\_

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ауыл шаруашылығы Министрінің м.а.

**Балық шаруашылығы мелиорациялық жұмыстарын жүргізу үшін негізгі құралдардың болуы туралы анықтаманың**

| №  | Атауы                        | Өлшем бірлігі | Саны |
|----|------------------------------|---------------|------|
| 1  | 2                            | 3             | 4    |
| 1. | Балық аулайтын флот          | бірлік        |      |
| 2. | Аулау құралдар, оның ішінде: |               |      |
|    | 1) сүзекі                    | дана          |      |
|    | 2) құрма ау, қабада          | дана          |      |
| 3. | Көліктік флот                | бірлік/тонна  |      |
| 4. | Материалдық-техникалық база  | бірлік/дана   |      |
| 5. | Басқа (көрсету)              |               |      |

Конкурстық құжаттамамен таныстым.  
Осы анықтамадағы көрсетілген мәліметтердің дұрыстығын растаймын.

Толтырылған күні \_\_\_\_\_

Өтініш беруші

(Т.А.Ә. немесе ұйымның атауы)

$$\mathbf{M} \qquad \qquad \qquad \Theta$$

(Болған жағдайда) \_\_\_\_\_ ҚОЛЫ \_\_\_\_\_